

Жобалық оқыту – студентті кәсіби өмірге дайындайтын мүмкіндік

Шығармашылықты ұнататын студентпін. Мен таңдаған мамандық та тіл шығармашылығымен тікелей байланысты. Биыл оқуға түскен Универімде таң қалдыратын дүниелер аз емес. 1-ші курсымның жарты жылы қалай өткенін де байқамаппын. Алғашқы қысқы сессиямды сәтті тапсырып, 2-ші жарты жылдыққа қосылғанда, мені бір «тосын сый» күтіп тұрғанын білмеппін. Ол менің студенттік танымымды түбегейлі өзгерткен «Жобалық жұмыс» екен. Сол сәтім әлі есімде...

Аудиторияға жоба жетекшісі келді. Барлық студенттермен танысып болған соң, профессор Алтын Қуанышбековна бірден өз жобасын таныстыруды бастады. Тақырыбы «ЖОО-ның имидждік журналын дайындау авторлық құзіретті қалыптастыру мен кәсіби мүмкіндіктерді кеңейту ретінде». Мені тақырып өте қатты қызықтырды, ойыма бірден «біз болашақта өзім білім алып жатқан Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің журналын шығарсақ, қандай жақсы болар еді» деген ой келді. Сол уақытта менің жобаға деген қызығушылығым арта түсті...

Жоба презентациясы әрі қарай жалғасты. Қазіргі уақытта филологтар үшін спичрайтер, копирайтер, коммуникация және жарияланымдармен жұмыс т.б. сияқты жаңа мамандықтар мен кәсіби мүмкіндіктер бар екендігі туралы қосымша ақпарат берілді. Студенттердің барлығы зер салып тындап отырып, өздерін қызықтырған сұрақтарын қоя бастады. Жетекшіміз студенттің әр сөзіне, әр сұрағына мән беріп, жобаның қызықты әлеміне тартты. «Қандай әсер алдыңдар, түсіндіңдер ме? Жобаға қатысты пікірлерін қандай?» деген сауалдар студенттерге жауапкершілікті жүктегендей болды. Студенттердің басым көпшілігі жеке мәтін авторы болуды, мықты мәтіндер жазуды армандайтынын жеткізді.

Жобамыздың екі жақты маңызды мақсаты бар: бірі – көркем емес мәтін түрлерін жазу технологияларын игеру арқылы авторлыққа дайындалу болса, екіншісі – университетіміздің имидждік журналын шығару. Ол деңгейге қалай жетеміз деген үрей де болды. Ал бүгін осы мақаланы жариялауға да қол жеткізіп отырмын. Бұл жетістікке біздің жобалық командамыз да жетті. Жетекшіміз осы міндеттерді қойып, бізбен жұмысын бастағанда, өзімізге деген сенім күмәнге жақын болған.

Түрлі мәтін, жазу технологиялары, түрлі стиль мен жанрлар, олардың өзіндік ерекшеліктері, тіпті үтір мен көп нүктенің, тире мен дефистің мәні терең екенін де шығармашылық тапсырмалар, тренингтер негізінде түсіндік. Менің ойыма келмеген қызықты идеялардың, шығармашылық қабілеттерімнің ояна бастағаны – жобадағы үлкен жеңісім мен жемісім болды. Болашақта бұл жобаның менің жұмысқа орналасуыма, білікті филолог болуыма үлкен септігі бар екенін түсіндім.

Осы жобадағы командалық жұмыстың мәні зор. Танымайтын студенттермен қарым-қатынас орнаттық, бір-бірімізге түсінбей қалсақ, көмектесуге әзір тұрамыз. Кітаптан, интернет желісінен тапқан мәліметтерімізбен өзара танысып талдаймыз, графикалық көрініс жасауды үйрендік. Кері байланыс беру ережелерін де игердік. Өмірге қажет дағды екен.

Жобалық «өнімдеріміз» портфолиоға айналды, «WhatsApp» желісінде бір-бірімізбен пікір бөлісетін группамыз және krmu_proekt@mail.ru ортақ электрон поштамыз, krmu2018filolog инстаграмм парақшамыз да бар. Осының бәрі – біздің жетістіктеріміз, жоба барысында үйренгендеріміз. Алдымызда бұдан да биік белестер бар, бірақ үрей мен күмән жоқ, тек оларды бағындыруға асығатын күш-жігеріміз бар!

P.S.: осы мақаланы жариялау үшін бір ай бойы біліммен сусындадым, 3 мәрте редакциялаудан өттім, үшіншісінде – жетекшім «бұл өнімді енді жариялауға болады» деген шешім айтты. Ұмытылмайтын сәттер – редакциялау мен талдау жұмыстары болды, енді менің авторлық мәртебем бекітілді!

Филология-101 тобының студенті

Аяжан Алданазарова